

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

Хаттама № 8

«25» сәуір 2024 жыл

2024 жыл 25 сәуір күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 6

**Күн тәртібінде:**

2024 жылдың сәуір айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде айтып өтті.

**Жарыссөз:**

**М.Үмбетбаева (комиссия мүшесі, ДТЖО)**

2024 жылдың сәуір айындағы тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз. Мектептегі 430 оқушының 212 оқушысы асханадан ыстық тамақ ішеді. Мектеп асханасының ішкі тазалығы, ыдыс-аяқтардың тазалығы, азық-түліктердің тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріліп отыр. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тамақ өнімдерінің сапасын куәландыратын құжаттары түгел.


**А.Айтбаева (комиссия мүшесі, мектеп медбихісі)**

Мектептегі ыстық тамақтың берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отыр. Ас мәзірінде пайдалы, дәрумені мол тағамдар бар екені көріп таныстық. Бір мезгіл ыстық тамақ ішу бала денсаулығы үшін қажет. Тамақ нормаға сай берілуде. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді.


**Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:**

1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау жүргізу әлеуметтік педагог А.Амантайқызы міндеттелінсін.


2. Сәуір айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызы міндеттелінсін.

Т.Калиева  Комиссия төрайымы, мектеп директоры


Комиссия мүшелері:

М.Үмбетбаева  Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Айтбаева  Мектеп медбихісі

Г.Өтепова  Ата-ана

Г.Есендырова  Ата-ана

А.Амантайқызы  Әлеуметтік педагог